

Бірлескен кейбір бұйрықтар мен қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 10 маусымдағы № 25 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 53 бірлескен бұйрығы мен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 маусымда № 28645 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы 1-тармағына Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) БҰЙЫРАДЫ және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы бірлескен бұйрық пен қаулыға қосымшаға сәйкес бірлескен кейбір бұйрықтар мен қаулылардың күші жойылды деп танылсын.

2. Агенттіктің Құқықтық қамтамасыз ету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық пен қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық пен қаулыны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық пен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Г. Пирматов

*Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы*

Ж. Элиманов

2022 жылғы 22 маусымдағы
№ 53 мен
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2022 жылғы 10 маусымдағы
№ 25 Бірлескен
бұйрық пен қаулыға
қосымша

Күші жойылды деп танылған бірлескен кейбір бұйрықтар мен қаулылардың тізбесі

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын жекелеген ұйымдар үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 518 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 236 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10215 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің кейбір бұйрықтарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 643 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 225 бірлескен қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13033 болып тіркелген).

3. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ақша аударымының банкаралық жүйесінің операторын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 518 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 236 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1423 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 271 бірлескен бұйрығы мен қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19857 болып тіркелген).